


UZDİKUS TAZ



ЯКУПОВА ЛУИЗА МИРЗАХМЕТОВНА

Г. Алматы

Общеобразовательная школа № 112

Учитель начальных классов

«UZDIK USTAZ» Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал	
«UZDIK USTAZ» Республиканский научно-методический журнал	
Ақпан \ Февраль №02(8) / 2023 жыл Алматы қаласы	
Бас редакторы: Даукенова Айдана Даукенқызы	<i>Ельжанова У. К.</i> «Қымыз – деніміздің саулығы, еліміздің байлығы» 2
	<i>Тайжанова Н.Б.</i> Особенности обучения на уроках русского языка и литературы по обновленным программам 3
Редакция алқасы: Джангабаева Анар Султанбайқызы	<i>Зелевская И.Р.</i> «Особенности формирования техники чтения у детей с задержкой психического развития» 6
	<i>Батибаева А. С.</i> Жаңартылған білім беру жағдайында тіл мен әдебиетті оқыту әдістемесі 11
Редакция мекен-жайы Алматы қаласы Алмалы ауданы Абылай хан 105 Жазушылар одағы	<i>Онсович Л. Ф.</i> «Работа с текстом, как средство формирования коммуникативной компетенции учащихся начальных классов» 13
	<i>Мыктыбаева Ж.К.</i> Бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілетін арттыру 17
Редакция телефоны e-mail: Uzdik_ustaz @mail.ru	<i>Роговская Е.В.</i> Диалог на уроках литературного чтения как средство развития функциональной грамотности учащихся 19
	<i>Турлыханова К.Б.</i> Рассказ 22
Куәлік Журнал Қазақстан Республикасы ақпарат және коммуникация министрлігі бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік бақылау комитеті № KZ08VPY000313 13- Ж куәлігі берілді Айына 1 рет қазақ және орыс тілінде шығады	<i>Бисенова Г.М.</i> Саусақ ойындары арқылы ұсақ қол моторикасын дамыту 24
	<i>Насенова Ж.Ж.</i> Асықтың түрлері мен атаулары 28
Теруге 05.02.2023ж берілді Басуға 05.02.2023ж қол қойылды Таралымы 1000 дана	<i>Молбаева Ж.С.</i> «Мектепке дейінгі ұйым мен ата-аналар арасындағы өзара ықпалдастықты ұйымдастыру» 30
	<i>Утепкалиева Г.</i> Тарих пәні бойынша білім берудің сапасын жетілдірудің жолдары 31
Журнал UZDIK USTAZ баспаханасында басылды	<i>Дадаханова Г.Г.</i> Тіл мен әдебиетті оқытуда оқушының тілдік дағдыларын дамытуда жаңа технологияларды сабақта қолдану 33
	<i>Эсенова К.Е.</i> Білім беру жүйесінде ақпараттық технологияны тиімді пайдалану 36
	<i>Муханова Ө.Э.</i> Тарих пәнінен білім берудің сапасын жетілдіру 38
	<i>Кажкенова Ж. К., Курманалина Ш. Х.</i> Болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін дамыту мәселелері 42
	<i>Чараниева К. К.</i> Бастауыш сыныпта жаңа технологияларды қолдану тиімділігі 46
	<i>Байрбаева Л.Б.</i> Бастауыш сыныпта дамыта оқыту негізінде оқушының жазбаша тілін дамыту 48
	<i>Омарова Н.М.</i> Химияны оқытуда оқушылардың танымдық қабілеттерін дамыту 50
	<i>Курбанова Л.А.</i> Бастауыш сыныптарда оқытудың әдіс-тәсілдерін сабақта тиімді қолдану 53
	<i>Санкайбаева А.Б.</i> Бастауыш сынып оқушыларының есте сақтау қабілеттерін қалыптастыруда әйдетика технологиясының қолданылуы 55
	<i>Жазықбаева С.Б.</i> Мектептегі психологиялық қызметтің маңызы және оны ұйымдастыру жолдары 58
	<i>Кажыбаева К.М.</i> Бастауыш сынып оқушыларының оқу жылдамдығын арттыру жолдары 60
	<i>Енсебаева М.К.</i> Бастауыш мектепте лексиканы деңгейлік тапсырмалар арқылы оқыту әдістемесі 62
	<i>Әлібай Ж.</i> Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша бастауыш сыныпта оқытудағы жаңа әдіс-тәсілдер 65
	<i>Жуманова Т.Х.</i> Мектепалды даярлық сыныптарында білім беру мазмұнын жаңартудың өзектілігі мен маңыздылығы 67
	<i>Әлкен А.Ш.</i> «Бастауыш сыныптарда инновациялық технологияны қолданудың тиімділігі» 69
	<i>Әбілдаева Ә.Ж.</i> Қазақ тілі сабағында жаңа ақпараттық технологияларды тиімді пайдалану 72
	<i>Татаманова Г.Б.</i> «Ребенок и закон» 74
	<i>Жангабылова С.Т.</i> Жемқорлыққа жол жоқ ! 77

Конец урока	Выбирают тему, готовят проект в виде презентации. Домашнее задание. Для самостоятельного изучения предлагается «УС» «Рефлексия Прием «Дерево успеха» Критерии успеха ЧЗ Уровень мыслительных навыков чтение	Для самостоятельного изучения предлагается «УС».		
-------------	---	--	--	--

САУСАҚ ОЙЫНДАРЫ АРҚЫЛЫ ҰСАҚ ҚОЛ МОТОРИКАСЫН ДАМУ



*Ақтөбе облысы, Темір ауданы, Қайыңды ауылы
 "Балапан" бөбекжай балабақшасының
 тәрбиешісі
 Бисенова Гульвера Муханбеткалиқызы*

Саусақ ойыны арқылы баланың сөйлеуге деген талпынысы, қабілеті дамып, ынтасы артады. Сөйлеу тілі мүшелері әрекетінің қозғауларының дамуы қол саусақтарының нәзік қимылдарының дамуымен тығыз байланыста болғандықтан, бала қолының ептілігін толық жетілдіру, түзету-тәрбие жұмысын жүйелі жүргізуді қалайды. Саусақ ойынын балабақшада және үй жағдайында әсерлі, көңілді түрде ұйымдастыруға болады. Баланың тілі негізінен мектепке дейінгі кезеңде қалыптасады. Бұл кезеңде ағзаның барлық бөліктері және жүйелері қарқынды дамып, баланың дене және ой дамуына қажетті қозғалыстағы таным іскерлігі қалыптасады. Мектепке дейінгі кезеңде қолдың ұсақ моторикасы мен қимыл-қозғалыстарын дамыту жұмыстары маңызды болып табылады.

Қол саусақтар жаттығулары есте сақтау және назар аудару қабілетін дамытатындығын психологтар айтып кеткен. Тақпақты саусақтар жаттығулары ырғаққа ілесіп қимылдауына және баланың сөйлеу ырғағының қалыптасуына көмектеседі. Сондықтан баланы ерте жастан бастап шынықтырған жөн. Саусақ ойындары сөйлеу лексикасының, сөздердің өзара байланысының (диалогты дұрыс жүргізуге, түсінік айтуға, т б) шындалуына себепші

Балалардың сөйлеу құзыреттілігі дұрыс және сөздік қоры бай болса, оларға өз ойын жеткізу оңайға түседі, қоршаған ортаны танудағы мүмкіндіктері кеңейеді, психологиялық дамуында белсеніс күшейеді. Сондықтан баланың сөйлеу құзыреттілігін қалыптастыруды уақытылы қолға ала отырып, анық әрі дұрыс сөйлеуін қадағалау керек. Балалардың сөйлеу құзыреттілігінің дұрыс өз деңгейінде жетілуі, оның ата-аналарын да, тәрбиешілерін де толғандыру қажет.

Балалардың сөйлеу құзыреттілігі жоғары деңгейде қалыптасуы ұсақ моторика тәсілдері мен құрылымына байланысты.

«Салат» саусақ ойыны

Сәбізді алып тазалаймыз (оң қолды жұдырыққа түйіп, сол қолдың алақанына ысқылайды)

Үккішпен үгіп майдалаймыз (екі қолды жұдырыққа түйіп кеудеге ұстап, жоғары-төмен қозғайды)

Қанттан сеуіп дәмдейміз (саусақтардың ұшымен қант себеді)

Міне дайын нәр тағам (екі қолын алдына жайып көрсетеді).

Дәруменге байыған (алақанымен іштерін сипалап, тойғандықтарын көрсетеді).


«Кірпі» жаттығуы

Момақанмын алайда (үш саусақтарын түйістіріп, кірпінің жүрісін салады)

Тікенім көп абайла, (екі қолының саусақтарын айқастырып, кірпінің тікенектері жасайды).

Кіріп кетсе қолыңа,

Өкпелеме жарайма!



«Достық» жаттығуы

Біздің топта ұлдар мен қыздар өзара дос (қолдың саусақтары өзара бірігеді)

Кішкентай саусақтар біз сенімен достасамыз (екі қолдың саусақтарын бір-біріне тигізу)

Бір, екі, үш, төрт, бес (шынашақтан бастап, саусақтарды кезекпен бір-біріне тигізу)

Қайтадан санауды бастаймыз.

Бір, екі, үш, төрт, бес

Енді санауды аяқтадық (қолды төмен түсіреміз, демалтамыз).

Разминка:

Санайық жаңаша

Бір, екі, үш!

Желбіре жалауша,

Достықта біздің күш.

Оң қолымда бес саусақ,

Сол қолымда бес саусақ.

Оларды атап шақырар,

Әрқайсысының аты бар.

Бас бармақ,

Балаң үйрек,

Орған терек,

Шылдыр шүмек,

Кішкене бөбек.

«Қимылды қайтала» жаттығуы

Мақсаты қолдың, саусақтың қимылдарының үйлесімділігін дамыту.

Жаттығу барысы :

Педагог балаға қарама-қарсы отырып, саусақтарымен кез-келген «фигураны» көрсетеді. (кейбір саусақтар бұғулі, ал кейбіреуі түзу, әртүрлі қимылдар). Балалар сол қимылды тура солай қайталау керек.

«Санамақ» ойыны.

Мақсаты кіші моториканы және сөйлеу ырғағын дамыту.

Бір, екі, үш, төрт, бес,

Анаммен сурет саламын , (алақанды жұмып ашады)

Міне басы, міне іші (қолды шеңбер жасап айналдырады)

Аяқтары, қолдары, көздері (қолымен кішкентай және үлкен шеңбер салу)

Аузы, сақинадан жасалған (ауада сақинаны салу)

Әдемі шашы да бар (қолдарын екі жаққа ашады)

Оң қолымда бес саусақ (оң қолының саусақтарын көрсету)

Сол қолымда бес саусақ (сол қолдың саусақтарын көрсету)

Бәрін қоссақ – он саусақ (екі қолының саусақтарын қосу)

Оң аяқпен секіремін (екі аяқпен кезек секіру)

Сол аяқпен секіремін (орында жүру)

Саусақ жаттығулары

1. Шынжыр. Оң және сол қолдағы басбармақпен баланүйрек саусақтары түйісіп, жүзіктер секілді айқасып, шынжыр жасайды.

2. Піл : оң қол алақаны жайылып тұрады. Сол қол саусақтары бас бармақ пен кішкене бөбек артқы аяғы болса, баланүйрек саусақ пен шылдыр шүмек саусақ алдыңғы аяқтар, ал ортаңғы саусақ пілдің тұмсығы.


3. Доп: алақандар бір-бірімен жабысады. (доп пішінін жасайды).

4. Гүл : қолдар, саусақтар жоғары қарайды. Алақандар айшанақпен қосыла түптері өзара жанасады. Саусақтар ашылады. Осы жаттығуларды орындай отырып, мына өлең жолдарын айтады.

Саусақтар шынжыр болады,

Үзілмейді тартсаң да,

Ал, піл келіп шынжырды,



Үзіп кетті басқанда,
Тұмсығымен доп іздеп,
Ойнағысы келіп тұр.
Достық үшін пілге мен,
Гүл сыйлағым келіп тұр.

Саусақтар жүреді :

Екі саусақпен 5-ке дейінгі тура және кері санап, алға-артқа жүру.

Саусақ жаттығулары қарапайым күрделіге қарай ойысады. Ол екіге бөлінеді:

1. Отырып ойнайтын саусақ ойындары. (саусақ ұштарымен қимылдатамыз);
2. Қолдың нәзік бұлшық еттерімен бірге дененің барлық мүшелері қатысып орындалады.

Пассивті жаттығу- ұсақ моториканы дамытудың алғашқы сатысы. Жаттығулардың мақсатты пайдаланылуы мынадай әдістерді ұсынады: сипау, жаймен уқалау және діріл. Массажды әрекеттер саусақ ұшынан басталып төменгі буынға жалғасады. Бұл жерде массажды әрекеттер баланың жеке бас диагнозына байланысты жүргізіледі. Содан кейін ғана активті саусақ жаттығуларына көшу ұсынылады. Оның деңгейі баланың ұсақ моторикасын даму деңгейіне қарай таңдалады. Қол саусақтарына арналған пассивті жаттығулар жасау кезінде балаға қолайсыз жағдай туғызбауын және тітіркендірмеуін қадағалаған жөн. Массаж жасау кезінде жай лирикалық әуен қоюға да болады. Саусақ қозғалыстары әртүрлі қысқа ырғақты тақпақтармен айтылады.

Барлық жаттығулар 3 топқа бөлінеді:

1-топ Қолдың білектеріне арналған жаттығулар:

- еліктеу қабілетін дамытады;
- бұлшық еттерді жиыруға бірнеше уақытқа дейін сақтау білігін дамытады.
- бір қозғалыстан екінші қозғалысқа ауысуға үйретеді.

2-топ Саусақтарға арналған шартты статикалық жаттығулар:

Бұрын алынған дағдыларды жоғары деңгейде жүзеге асырады және неғұрлым нақты қозғалысты талап етеді.

3-топ Саусақтарға арналған динамикалық жаттығулар;

- қозғалыстың нақты координациясын дамытады;
- қол саусақтарын бүтүге және жазуға үйретеді;
- бас бармақты басқа саусақтарға қарама-қарсы қоюға үйретеді.

Саусақ жаттығуларын орындауда:

1. Алдымен барлық жаттығулар баяу орындалады. Баланың жаттығуды дұрыс қайталауын және білектердің саусақтардың қалпын дұрыс сақтауын және бір қозғалыстан екіншісіне дұрыс ауысуын қадағалау керек. Балаға бірге жасап көмектесу керек.

2. Жаттығулар алдымен бір қолмен орындалады (егер де жаттығу екі қолдың бірге қатысуымен қарастармаса), содан кейін екінші қолмен, сосын екі қолмен бір уақытта.

3. Кейбір жаттығулар бірнеше түрде берілген. Бірінші ең жеңілі орындалады.

4. Әр жаттығуға көру бейнесін қалыптастыру үшін өзінің суреттері сәйкес келеді. Алдымен балаға түрлі-түсті суретті көрсетесіз және жаттығудың қалай орындалуын түсіндіріп, одан кейін бірге жасап үйретесіз. Адамның он екі мүшесінің тіршілікте атқарар міндеті зор. Соның ішінде екі қолға бес-бестен біткен он саусақты күнделікті қажетті жұмыстарды атқаруға пайдаланымыз белгілі. Сонымен қатар ертеден келе жатқан «Қуырмаш» ойынынан саусақ атауларын бала тәрбиелеуге оның тілін жетілдіруге, ойын ұштауға әдемі пайдаланғанын білеміз.

Қуыр, қуыр, қуырмаш,

Тауықтарғы тары шаш.

Балапанға бидай шаш,

Балаларға тәтті шаш.- дей келе, жұмылған әр саусақты жеке-жеке ашарда:


Сен түйеңе бар,

Сен жылқыға бар.

Сен сиырға бар,

Сен қойыңа бар.

Сен үйде отырып



Анаңа көмектес,- деп әр саусаққа тапсырма беріледі Одан соң әр саусақтың басынан ұстап тұрып, “қарның ашса мына жерде нан бар, мына жерде май бар” деп әртүрлі астың атын атай келіп, қолтыққа жеткенде “қуырмаш”, “қуырмаш” деп қытықтайды Көтеріңкі көңіл-күй сыйлайтын бұл ойын балаға саусақтардың атын, адамға нәр берер түрлі астың атауын да үйретеді Сондай-ақ төрт түлік малды таныстырып, оны бағып еңбектенгенде ғана тамақтануға болатынын ескертіп, еңбекпен тапқан тамақ тәтті болатынын уағыздайды Халық өзінің өмір тәжірибесінде тіршілікте қалай қалай қолдануына қарай саусақтарға ат қойған 1- саусақ “Басбармақ”, 2- саусақ “Балаң үйрек”, 3-саусақ “Орған терек” 4-саусақ “Шылдыр шүмек” 5-саусақ “Кішкентай бөбек”

Саусақ жаттығуларын сергіту жаттығуларына, ертеңгілік жаттығулар, барлық ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттері үстінде үнемі жүйелі пайдаланудың нәтижесінде балалардың тілі, қимыл, қозғалысы мен икемділігі айтарлықтай дамиды.

Анатомия тұрғысынан бас ми қабығының қозғалыс кескінінің барлық алаңының шамамен үш бөлігін қол буынының кескіні алады. Дәл осы қол буыны кескінінің өлшемі және оның сөйлеу аймағына жақындығы қол буындарын, артикуляциялық аппарат сияқты, «сөйлеу мүшесі» ретінде қарастыруға негіз береді.

Осыған байланысты сөйлеуге үйрету үшін артикуляциялық аппаратты жаттықтыру ғана емес, сондай-ақ қол саусақтарын қозғалтуды немесе ұсақ моториканы дамыту қажет.

Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу жұмысында балалардың тілін дамыту, сөздік қорын молайту, ауызша сөйлеуге үйрету, күнделікті іс-әрекет кезінде тілдік қарым-қатынаста қолдана білуге жаттықтыру ісіне ерекше мән берген.

«Ойнай білмеген, ойлай да білмейді», «Ойында озған, өмірде де озады» деген халық даналығында аталы сөздер бекер айтылмаса керек.

Ойынның негізгі мақсаты – балалардың зейінін, сөздік қорын, есте сақтауын, қабылдауын дамытуға, өзінің құрбыларының іс-әрекетін бағалауға, құрметтеуге, өз ісін дәлелдей білуін анықтау, қалыптастыру болып табылады.

Бала тәрбиесіндегі үлкен мәні бар мәдени шығармашылық ол – саусақ ойыны. Саусақ ойынын ойнай отырып, бала қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарды, жануарларды, ағаштарды және т.б. көптеген бейнелерді бейнелей алады.

Ұсақ моториканы дамыту жұмыстарын ерте сәбилік шақтан бастаған дұрыс. Ерте жаста және мектепке дейінгі кіші жаста қарапайым жаттығуды жасауда өлеңмен, тақпақ айту, жаттығуларды пайдалану ұсынылады. Сонымен бірге өзіне-өзі қызмет ету дағдыларын қалыптастыру, ілгегін өзі салу, өзі ағыту, бауын байлау, т.б. Ал мектепке дейінгі балалар үшін ұсақ моториканы дамыту және қолдың икемділігін арттыруға арналған жаттығулары мектепке дайындық, яғни, жазу, сурет салу, түрлі түсті қағаздарды бояп үйренудің алғашқы бастамалары.

Саусақ ойындарының нәтижесінде бала нені үйренеді:

Баланың сөйлеу тілі жетіледі;

Қимылды қозғалысы артады;

Икемділігі артады,

Логикалық ойлауы дамиды;

Танымдық деңгейі артады.

Ұсақ моториканы дамытудың маңызы неде? Ұсақ моторикаға адамның бас миында саусақ қимылдарды дамыта отырып, сөйлеуге жауап беретін орталықты дамыта аламыз. Саусақ ойыны арқылы баланың сөйлеуге деген талпынысы, қабілеті дамып, ынтасы артады. Саусақ ойынын ойнай отырып, бала саусақтарының қимыл-қозғалыстарына қарап қуанады, шаттанады, сөзді айтуға тырысады, үйренген өлең шумақтарын қайталап айта отырып, есіне сақтайды және бала екі қолын қимылдата отырып, оң – сол, жоғары – төмен т.б. түсініктерді бағдарлай алады.

Сол сияқты «Саусақтар сәлемдеседі» ойыны да, мұнда бас бармақ ұшы әр саусақтың ұшымен кезекпен түйіледі. Оң қолдың сұқ саусағы мен ортаңғы саусақтарын жүгірген тәрізді етіп қимылдатады. Балалар осындай саусақ ойынын ойнай отырып, өлең шумағын қызыға айтады.

Мысалы: «Моншақ» ойыны:

Қызыл, сары, көк моншақ,

Мен жасаймын көп моншақ.

